

Денисов ауданы бойынша өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімдерінің түрлері бойынша егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Денисов ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 14 мамырдағы № 134 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 24 мамырда № 4139 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды (Қостанай облысы Денисов ауданы әкімінің 2014 жылғы 28 қаңтардағы № 07-7/92 хаты)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды (Қостанай облысы Денисов ауданы әкімінің 28.01.2014 № 07-7/92 хаты).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 31-бабы 1-тармағының 5) тармақшасы, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" Заңының 5-бабы 3-тармағының 3) тармақшасы негізінде, Денисов ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Денисов ауданы бойынша өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімдерінің түрлері бойынша егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдері белгіленсін:

1) жаздық дәнді дақылдарды (бидай, арпа, сұлы, тары) 2013 жылғы 15 мамырдан бастап 5 маусымға дейін;

2) майлы дақылдарды (рапс, күнбағыс, зығыр, арыш, мақсары, қыша) 2013 жылғы 15 мамырдан бастап 30 мамырға дейін;

3) қарақұмық 2013 жылғы 15 мамырдан бастап 5 маусымға дейін.

2. Осы қаулының орындалуына бақылау Денисов ауданы әкімінің орынбасары Т.Б. Рамазановқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі және 2013 жылғы мамырдан бастап туындаған қатынастарға таратылады.

*Денисов ауданы
әкімінің міндетін атқарушы Т. Рамазанов*